



201__ жылғы _____
года _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__

№ _____

№ _____

20.10.2017-ғы № 20-34/2557 шығыс хаты
20.10.2017-ғы № кіріс хаты

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2017 жылғы 21 қыркүйектегі
№ ДС-204

Құрметті депутаттар!

Білім беру жүйесінің кейбір мәселелері бойынша депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) 2019-2020 оқу жылынан бастап 12 жылдық мектептің 1-сыныбына баратын 6 жасар балалардың мектепалды даярлығын өзгерту алгоритмінің болмауына қатысты.

Қазіргі уақытта «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 76-қадамын және Қазақстан Республикасының білім беру мен ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) жанында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның қатысуымен жалпы орта білім беру мазмұнын жаңарту және 12 жылдық білім беруге көшу мәселелері бойынша жұмыс тобы жұмыс істейді.

Бүгінгі күні 12 жылдық білім беруді енгізудің нақты құрылымы мен алгоритмі түпкілікті анықталған жоқ және қаралу сатысында.

«Кейбір заңнамалық актілерге баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2016 жылғы 9 қазандағы Заңда 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 1-сыныпқа оқуға балалар алты жасан бастап қабылданатыны белгіленген. Бұл ретте мектепке дейінгі тәрбиенің отбасында немесе бір жасан алты жасқа дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылуы көзделген.

Министрлік 2017 жылғы 1 қыркүйектен бастап 5 жасар балаларға арналған мектепалды даярлық сыныбының бағдарламасын 60 білім беру ұйымында (30 пилоттық мектеп құрамындағы 30 мектепке дейінгі ұйымның жоғары

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарғанда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВУЕТ. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

20.10.2017 ЭҚАБЖ МО (7.21.2 нұсқасы) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП.

топтарында және 18 мектепалды сыныпта) сынақтан өткізуді бастады.

Әдіснамалық қамтамасыз етуді Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығымен бірлесіп жүргізіп келеді. Сынақ нәтижелерін қадағалау жөніндегі жеке іс-шаралар жоспары жасалды.

12 жылдық білім беруге көшу алгоритмін 2017-2018 оқу жылындағы сынақ қорытындылары бойынша және түпкілікті шешім қабылдау үшін барлық тәсілдерді педагогикалық және ата-аналар қоғамдастығымен алдын ала кеңінен талқылау жүргізу жоспарлануда.

Жоғары оқу орындарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуге қатысты.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (8-бап) мемлекет әлеуметтік көмекке мұқтаж Қазақстан Республикасы азаматтарын олардың білім алуы кезеңінде ұстау шығыстарын толық немесе ішінара өтейді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысына сәйкес бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысынан техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарынан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 1 пайыз мөлшерінде қабылдау квотасы бекітілген.

Жатақханада тегін тұруға, тамақтануға және қысқы әрі жазғы каникул кезінде қалааралық теміржол және таксиді қоспағанда, басқа автомобиль көлігімен жеңілдікпен жол жүруге өтемақы көзделген.

Бұдан басқа, жоғары оқу орындары Қазақстан Республикасының заңнамасында, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметінің туралы үлгілік қағидалары мен білім беру ұйымдарының жарғыларында белгіленген шектерде оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда ғылыми, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметте дербес болады («Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (43-баптың 1-тармағы).

Жоғары оқу орындарында қолданыстағы заңнама шеңберінде демеушілік және қайырымдылық көмек және қаражат бөлу туралы шешім қабылдайтын алқалы басқару органдары жұмыс істейді. Оның ішінде студенттердің және олардың ата-аналарының оқуға жеңілдік беру, жеке төлеу кестесін анықтау және басқа да жеңілдіктер, үш жақты шарт жасасу үшін демеушілер, қорлар, коммерциялық ұйымдар іздеу өтініштері бойынша шешім қабылдайды.

2016-2017 оқу жылының қорытындылары бойынша 23819 студенттің, оның ішінде 409 жетім баланың оқуына шығыстары ішінара өтелген. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған 1962 студент жергілікті атқарушы органдардың, 1230 – әлеуметтік әріптестер, ал 1756 – жоғары оқу орындарының гранттары есебінен білім алуда.

Осы жылдан бастап жергілікті атқарушы органдар заңнама жүзінде білім беру гранттарын тағайындау құқығына ие. Облыс әкімдері ағымдағы жылы 600-ге

жуық грант тағайындады, бұл ретте ақылы негізде білім алушы студенттерге оқу үлгерімі жоғары болған жағдайда конкурстық негізде бос білім беру гранттарын алуға мүмкіндік берілген. Босаған білім беру гранттарын тағайындау жазғы және қысқы каникул кезінде жүзеге асырылады.

Білім алушының басқа мамандыққа ауысқан жағдайда білім беру грантының сақталу мүмкіндігін қарастыруға қатысты.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 16) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын әзірлейді және бекітеді.

Қолданыстағы Қағидаларда (*ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы*) білім алушыны бір мамандықтан екіншісіне ауыстыру ақылы негізде оқу үшін ғана көзделеді.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев